ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

# Кеден ісі саласындағы қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілік

Орындаған: Сақтаған О.
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к.
Кемелбеков С.Т.

# МАЗМҰНЫ

- **1 Кеден ісі саласындағы қылмыс үшін қылмыстық жауапкершіліктердің теориялық негізі**
- 1.1 Кеден ісі саласындағы қылмыстар ұғымы және белгілері
- 1.2 Кеден ісі саласындағы қылмыстардың түрлері және құқықтық негізі
- **2 Кеден ісі саласындағы қылмыс үшін қылмыстық жауапкершіліктерді талдау**
- 2.1 Кеден ісі саласындағы қылмыстардың қылмыстық – құқықтық сипаттамасы
- 2.1 Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің кеден ісі саласындағы кедендік контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілікті салыстырмалы - құқықтық талдау
- **3. Кеден ісі саласындағы қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілік бойынша мәселелер**
- 3.1 Қазақстан Республикасы экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл туралы кейбір сұрақтар
- 3.2 Контрабанданың Қазақстан экономикасына зиян келтіруінің алдын алу жолдары

# ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ

- **- кеден ісі саласындағы қоғамдық қатынастар**

- **Зерттеу мақсаты:** Қазақстан Республикасы кеден ісі саласындағы қылмысы үшін жауапкершілік мәселелерді зерттеу

# ЗЕРТТЕУ ПӘНІ

- – кеден ісі саласындағы қылмыстардың ұғымын, белгілерін, түрлерін, құқықтық негізін, қылмыстық – құқықтық сипаттамасын және қылмыстардың алдын алу жолдарын қарастыру

# 1.1 КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕРІ

- **Кеден ісі саласындағы қылмыстар** – бұл ЕЭО кеден шекарасы арқылы тауарлар мен өзге де заттарды өткізу кезінде кеден заңнамасында көзделген заңды әрекеттерді елеулі түрде бұзатын қоғамға қауіпті, құқыққа қарсы іс-әрекеттер

# КЕДЕНДІК ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

- 1) қоғамдық қауіптілік;
- 2) сыртқы экономикалық қызмет нәтижесінде қылмыс жасау;
- 3) тауарларды, құндылықтарды және көлік құралдарын әкелу және әкету кезінде оларды кедендік шекара арқылы кесіп өту нәтижесінде қылмыстар жасау;
- 4) кеден және қылмыстық заңнаманың белгіленген нормаларын бұзу;
- 5) кеден органдарының ведомстволық бағыныстылығына жатуы.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КЕДЕНДІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Әкімшілік құқық бұзушылықтар ҚР ӘҚБтК 29 - тарауында берілген

ҚР ҚК 234, 236, 286 баптарында берілген

# 1.2 КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

- **Кеден ісі саласындағы қылмыстардың түрлері:**
- 1. Экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 234 б.);
- 2. Кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеуден жалтару ( ҚР ҚК 236 б.).
- 3. Айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы ( ҚР ҚК 286 б.).

# 1.2 КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

- Қазақстан Республикасындағы кедендік құқық бұзушылықтардың құқықтық негіздері келесі нормативті – құқықтық актілермен реттеледі:
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
- Халықаралық шарттар;
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 1997 жылғы 18 шілдедегі N 10 «Контрабанда үшін қылмыстық жауаптылық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» нормативтік қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1998 жылғы 14 мамырдағы № 3 «Есірткі құралдарының, психотроптық және улы заттардың заңсыз айналымына байланысты істер бойынша заңнаманы қолдану туралы» қаулысы.

# 2.1 КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

- Қылмыс объектісі деп қылмыстық заңмен қорғалған және қылмыс зиян келтіретін игілік (әлеуметтік құндылық) түсініледі.
- Қылмыстың объективті жағын адамның мінез-құлқының сыртқы жағын сипаттайтын белгілер жиынтығы құрайды. Бұл белгілерге адамның қоғамдық қауіпті әрекеті (белсенді мінез – құлық) немесе әрекетсіздігі (пассивті мінез-құлық) жатады, мысалы, контрабанда - ҚР кедендік шекарасы арқылы тауарларды заңсыз өткізу немесе кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден жалтару.
- Қылмыс субъектісі болып нақты қылмыс жасаған жеке адам танылады. Оның белгілеріне мыналар жатады: есі дұрыстық, адамның белгілі бір жасқа жетуі, ал кейбір жағдайларда арнайы белгілер (лауазымдық жағдайы, кәсібі және т.б.)
- Қылмыстың субъективті жағын адамның мінез-құлқының ішкі, психикалық жағын сипаттайтын белгілер құрайды: кінә, ниет және қылмыстың мақсаты.

Объект

Кеден шекарасынан еткізілетін тауарлар мен өзге заттарды реттейтін қоғамдық қатынастар.

1

Объективтік жағы

1..Қылмыстық Кодекстің 286 бабында көрсетілгендерді қоспағанда басқа тауарларды немесе өзге де құндылықтар мен заттарды кедендік бақылаудан жасырып алып;

- оларды кедендік бақылаудан басқа;
- оларды декларацияламай немесе дәйексіз декларациялаумен;
- кедендік және өзге де құжаттарды немесе кедендік сәйкестендіру құралдарын алдап пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Субъективтік жағынан тікелей пиғылмен жасалады

адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынады, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігін немесе болмай қоймайтынын алдын ала болжап біліп және контрабанда зардаптардың туындауын қалайды

Субъект

16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға, 3 – бөлімнің 1) тармағы бойынша лауазымды тұлға

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДАНЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

Жай субъектілер

Арнаулы субъектілер

# ҰСЫНЫС

- 1. Кеден ісі саласындағы қылмыстар үшін жауаптылық көзделген ҚР ҚК – тің 234 – бабының 1 – бөлімі бойынша жауаптылық карастырылған нормаға сәйкес, ірі мөлшерде жасалған қылмысқа, аталған баптың санкциясында көзделген жаза мөлшері сай келмейді, осы мәселе заң шығарушымен нақты қарастырылуы қажет

- 2. Кеден ісі саласындағы қылмыстармен күрес саласындағы кеден органдары жұмысының тиімділігіне әсер ететін қазіргі проблемалар мен кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда:
- Екінші деңгейлі банктер (ЕДБ) сенімсіз клиенттермен іскерлік қатынастарын тоқтатуы қажет;
- банктер күдікті операциялар туралы уәкілетті органдарға хабардар ету қажет;
- контрабандалық қылмыс үшін жазаны ауырлату мәселесі.
- Осы аталған мәселелерге бақылау жүргізуді Қаржы мониторинг агенттігіне қарасты Экономикалық тергеу қызметінің (ЭТҚ) функциясына беру қажет.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!